

Ақшасыз ұтыс ойын автоматтарымен (1 экранға) қызмет көрсететін кәсіпкерлердің жиынтық тіркеу салығын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 3-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 18 қаңтарда N 5-5-63 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 10-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2008.12.25 N 10-5 шешімімен.

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6-бабының негізінде Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**

1. Қазақстан Республикасының 12.06.2001 жылғы № 209-ІІ “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” салық Кодексінің 394-бабына сәйкес ақшасыз ұтыс ойын автоматтарымен (1 экранға) қызмет көрсететін кәсіпкерлердің жиынтық тіркеу салығының жылдық ставкасы 2008 жылға 10 (он) еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 14 желтоқсандағы № 33-5 “Ақшасыз ұтыс ойын автоматтарымен (1 экранға) қызмет көрсететін кәсіпкерлердің жиынтық тіркеу салығын белгілеу туралы” (19.01.2007 жылғы мемлекеттік тіркеу нөмірі № 5-5-43, “Абай елі” № 2 (010) 15-31 қаңтар, 2007 жылғы) шешімнің күші ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті Абай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Сессия төрағасы

М. Әубәкірұлы

мәслихатының хатшысы

*А б а й а у д а н д ы қ
Т. Аманғазы*

